

2025-2027 жылдарға арналған Зайсан ауданының бюджеті туралы

Шығыс Қазақстан облысы Зайсан аудандық мәслихатының 2024 жылғы 25 желтоқсандағы № 30/2-VIII шешімі

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы шешім 01.01 2025 бастап қолданысқа енгізіледі.

Бюджет Кодексінің 73, 75-баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына, "2025-2027 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы" Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2024 жылғы 13 желтоқсандағы №19/142-VIII шешіміне сәйкес Зайсан аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. 2025-2027 жылдарға арналған Зайсан ауданының бюджеті тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, соның ішінде 2025 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер - 5 961 591,5 мың теңге, соның ішінде:

салықтық түсімдер - 2 584 130,2 мың теңге;

салықтық емес түсімдер - 74 849,0 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер - 15 499,8 мың теңге;

трансферттердің түсімдері - 3 287 112,5 мың теңге;

2) шығындар - 5 801 425,8 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу - 2 198 360,0 мың теңге, соның ішінде:

бюджеттік кредиттер - 2 231 124,0 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу - 32 764,0 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо - 210 640,0 мың теңге;

қаржы активтерін сатып алу - 210640,0 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер - 0,0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) - -2 248 834,3 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану) - 2 248 834,3 мың теңге;

қарыздар түсімі - 2 231 124,0 мың теңге;

қарыздарды өтеу - 121 437,0 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланатын қалдықтары - 139 147,3 мың теңге.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы Зайсан аудандық мәслихатының 28.11.2025 № 43/1-VIII шешімімен (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі).

2. Аудан бюджетіне 2025 жылға арналған әлеуметтік салық, төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы, төлем көзінен салық салынбайтын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы, төлем көзінен салық салынбайтын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығы, ірі кәсіпкерлік субъектілерінен және мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, заңды тұлғалардан алынатын корпоративтік табыс салығы бойынша кірістерді бөлу нормативтері 100 пайыз болып орындауға қабылдансын.

3. 2025 жылға арналған аудандық бюджетте облыстық бюджеттен берілетін субвенция көлемі 560 293,0 мың теңге сомасында ескерілсін.

4. 2025 жылға арналған аудандық бюджетте аудандық бюджеттен ауылдық округтердің бюджеттеріне берілетін субвенциялар көлемі 294 382,0 мың теңге сомасында белгіленсін, соның ішінде:

Айнабұлақ ауылдық округіне – 34 380,0 мың теңге;

Біржан ауылдық округіне – 33 853,0 мың теңге;

Дайыр ауылдық округіне – 36 171,0 мың теңге;

Қарабұлақ ауылдық округіне – 33 343,0 мың теңге;

Қаратал ауылдық округіне – 36 821,0 мың теңге;

Кеңсай ауылдық округіне – 37 412,0 мың теңге;

Сарытерек ауылдық округіне – 41 360,0 мың теңге;

Шілікті ауылдық округіне – 41 042,0 мың теңге.

5. 2025 жылға ауданның жергілікті атқарушы органының арналған резерві 48 915,2 мың теңге сомасында бекітілсін.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы Зайсан аудандық мәслихатының 28.11.2025 № 43/1-VIII шешімімен (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі).

6. 2025 жылға арналған аудандық бюджетте облыстық бюджеттен нысаналы трансферттер 2 226 973,3 мың теңге сомасында ескерілсін.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы Зайсан аудандық мәслихатының 28.11.2025 № 43/1-VIII шешімімен (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі).

7. 2025 жылға арналған аудандық бюджетте республикалық бюджеттен нысаналы трансферттер 439 843,0 мың теңге сомасында ескерілсін.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы Зайсан аудандық мәслихатының 28.11.2025 № 43/1-VIII шешімімен (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі).

8. 2025 жылға арналған аудандық бюджетте республикалық бюджеттен ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен мамандарына, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік

қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шараларын ұсынуға 31 456,0 мың теңге сомасында кредит ескерілсін.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы Зайсан аудандық мәслихатының 30.10.2025 № 42/1-VIII шешімімен (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі).

8-1. 2025 жылға арналған аудандық бюджетте облыстық бюджеттен ішкі қарыздар қаражатынан берілетін кредиттер есебінен коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін сатып алуға 2 199 668,0 мың теңге сомасында кредит көзделгені ескерілсін.

Ескерту. Шешім 8-1-тармақпен толықтырылды - Шығыс Қазақстан облысы Зайсан аудандық мәслихатының 30.04.2025 № 33/1-VIII (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы Зайсан аудандық мәслихатының 23.06.2025 № 36/1-VIII шешімдерімен (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі).

8-2. 139 147,3 мың теңге бюджет қаражатының пайдаланатын қалдықтары осы шешімнің 4-қосымшасына сәйкес бөлінсін.

Ескерту. Шешім 8-2-тармақпен толықтырылды - Шығыс Қазақстан облысы Зайсан аудандық мәслихатының 30.04.2025 № 33/1-VIII шешімімен (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі).

9. Осы шешім 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат төрағасы

Е. Загипаров

Зайсан аудандық мәслихатының
2024 жылғы 25 желтоқсандағы
№30/2-VIII шешіміне
1 қосымша

2025 жылға арналған аудандық бюджет

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы Зайсан аудандық мәслихатының 28.11.2025 № 43/1-VIII шешімімен (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі).

Санаты	Сыныбы		Сума (мың теңге)
		Кішкі сыныбы	
		Атауы	
		I. КІРІСТЕР	5 961 591,5
1		Салықтық түсімдер	2 584 130,2
	01	Табыс салығы	1 084 482,0
		1 Корпоративтік табыс салығы	227 774,0
		2 Жеке табыс салығы	856 708,0
	03	Әлеуметтік салық	827 227,2
		1 Әлеуметтік салық	827 227,2

	04		Меншікке салынатын салықтар	590 900,0
		1	Мүлікке салынатын салықтар	590 900,0
	05		Тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге салынатын ішкі салықтар	27 100,0
		2	Акциздер	5 293,0
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	4 200,0
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	17 607,0
	08		Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	54 421,0
		1	Мемлекеттік баж	54 421,0
2			Салықтық емес түсімдер	74 849,0
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	53 232,0
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	53 000,0
		7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	232,0
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	21 617,0
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	21 617,0

3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	15 499,8
	01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	8 946,9
		1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	8 946,9
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	6 552,9
		1	Жерді сату	4 500,0
		2	Материалдық емес активтерді сату	2 052,9
4			Трансферттердің түсімдері	3 287 112,5
	01		Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер	60 003,2
		3	Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтардың бюджеттерінен трансферттер	60 003,2
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	3 227 109,3
		2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	3 227 109,3

Функционалдық топ				Сома (мың теңге)
	Кіші функция			
		Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		
		Бағдарлама		
			Атауы	
			II.ШЫҒЫНДАР	5 801 425,8

1				Жалпы сипаттағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер	1 123 941,9
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	380 992,0
		112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	45 519,0
			001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	45 519,0
		122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	335 473,0
			001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	286 501,7
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	6 165,0
			113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	42 806,3
	2			Қаржылық қызмет	1 836,9

		459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	1 836,9
			003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	1 412,0
			010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	424,9
	9			Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер	741 113,0
		454		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі	61 393,0
			001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті және ауыл шаруашылығын дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	60 876,0
			007	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	517,0
				Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын	

		458		үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	603 287,0
			001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	106 744,7
			013	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 680,0
			113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	494 862,3
		459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	76 433,0
			001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясаттын қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске	75 173,0

				асыру жөніндегі қызметтер	
			015	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 260,0
2				Қорғаныс	61 978,0
	1			Әскери мұқтаждар	28 982,6
		122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	28 982,6
			005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	28 982,6
	2			Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	32 995,4
		122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	32 995,4
			006	Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	15 708,5
			007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру	17 286,9

				жөніндегі іс-шаралар	
3				Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	833,0
	9			Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік саласындағы басқа да қызметтер	833,0
		458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	833,0
			021	Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету	833,0
6				Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	693 285,5
	1			Әлеуметтік қамсыздандыру	98 123,0
		451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	98 123,0
			005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	98 123,0
	2			Әлеуметтік көмек	492 007,4
		451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту	492 007,4

				және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	
			004	Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету	36 851,0
			007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	73 887,0
			014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	177 372,4
			017	Мүгедектігі бар адамды абилитациялаудың және оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мұқтаж мүгедектігі бар адамдарды протездік-ортопедиялық көмекпен, сурдотехникалық және тифлотехникалық құралдармен, міндетті гигиеналық	203 897,0

				құралдармен, арнаулы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз ету, сондай-ақ санаторий-курор ттық емдеу, жеке көмекшінің және ымдау тілі маманының қызметтерімен қамтамасыз ету	
	9			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер	103 155,1
		451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	103 155,1
			001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламалард ы жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	65 356,0
			011	Жәрдемақылард ы және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	1 500,0
				Қазақстан Республикасынд а мүгедектігі бар	

			050	адамдардың құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсарту	33 831,0
			067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	2 468,1
7				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	1 303 415,4
	1			Тұрғын үй шаруашылығы	1 150 940,1
		458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	1 150 940,1
			003	Мемлекеттік тұрғын үй қорын сақтауды ұйымдастыру	31 773,1
			033	Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру	1 000,0
			098	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін сатып алу	1 118 167,0
	2			Коммуналдық шаруашылық	118 948,6
				Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық	

		458		шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	118 948,6
			012	С у м е н жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеуі	108 814,3
			026	Ауданның (облыстықмаңыз ыбарқаланың) коммуналдықменшігіндегіжылу жүйелерінқолданудыұйымдастыру	10 134,3
	3			Елді мекендерді көркейту	33 526,7
		458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	33 526,7
			015	Е л д і мекендердегі көшелерді жарықтандыру	33 026,7
			016	Е л д і мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	500,0
8				Мәдениет, спорт , туризм және ақпараттық кеңістік	985 660,4
	1			Мәдениет саласындағы қызмет	466 746,1
		457		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет, тілдерді дамыту,	462 329,0

				д е н е шынықтыру және спорт бөлімі	
			003	Мәдени-демалы с жұмысын қолдау	462 329,0
		466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	4417,1
			011	Мәдениет объектілерін дамыту	4 417,1
	2			Спорт	263 946,4
		457		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет, тілдерді дамыту, д е н е шынықтыру және спорт бөлімі	262 946,4
			008	Ұлттық және бұқаралық спорт түрлерін дамыту	221 706,8
			009	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	6 535,0
			010	Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	34 704,6

		466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	1 000,0
			008	Спорт объектілерін дамыту	1 000,0
	3			Ақпараттық кеңістік	93 786,6
		456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	23 850,7
			002	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	23 850,7
		457		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі	69 935,9
			006	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	69 235,9
			007	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	700,0
	9			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі өзге де қызметтер	161 181,3
				Ауданның (облыстық	

		456		маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	101 573,4
			001	Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	49 890,3
			003	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	50 032,0
			006	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	851,6
			032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	799,5
		457		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі	59 607,9
			001	Жергілікті деңгейде мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт саласында мемлекеттік саясатты іске	32 378,5

				асыру жөніндегі қызметтер	
			014	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	329,3
			032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	26 900,1
09				Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану	50 000,0
	9			Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану саласындағы өзге де қызметтер	50 000,0
		466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	50 000,0
			036	Газ тасымалдау жүйесін дамыту	50 000,0
10				Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	164 825,1
	1			Ауыл шаруашылығы	91 740,7
		466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет,	91 740,7

				қала құрылысы және құрылыс бөлімі	
			010	Ауыл шаруашылығы объектілерін дамыту	91 740,7
	6			Жер қатынастары	52 415,0
		463		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	52 415,0
			001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	37 160,0
			003	Елді мекендерді жер-шаруашылық орналастыру	14 560,0
			007	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	695,0
	9			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, қоршаған ортаны қорғау және жер қатынастары саласындағы басқа да қызметтер	20 669,4
		459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	20 669,4
				Мамандарға әлеуметтік	

			099	қолдау көрсету жөніндегі шараларды іске асыру	20 669,4
11				Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	56 034,3
	2			Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	56 034,3
		466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	56 034,3
			001	Құрылыс, облыс қалаларының, аудандарының және елді мекендерінің сәулеттік бейнесін жақсарту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру және ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) аумағын оңтайлы және тиімді қала құрылыстық игеруді қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	48 111,4
			013	Аудан аумағында қала құрылысын дамытудың кешенді схемаларын, аудандық (облыстық) маңызы бар	7 042,4

				қалалардың, кенттердің және өзге де ауылдық елді мекендердің бас жоспарларын әзірлеу	
			015	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	880,5
12				Көлік және коммуникация	656 341,6
	1			Автомобиль көлігі	562 941,6
		458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	562 941,6
			023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	46 155,0
			045	Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын және елді-мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеу	516 786,6
	9			Көлік және коммуникациялар саласындағы өзге де қызметтер	93 400,0
		458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	93 400,0

			024	Кентішілік (қалаішілік), қала маңындағы ауданішілік қоғамдық жолаушылар тасымалдарын ұйымдастыру	93 400,0
13				Басқалар	194 001,2
	9			Басқалар	194 001,2
		457		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі	145 066,0
			052	"Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыру	145 066,0
		459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	48 935,2
				Жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін және мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалардың, оның ішінде концессиялық жобалардың	

			008	конкурстық құжаттамаларын әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларды, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу	20,0
			012	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	48 915,2
14				Борышқа қызмет көрсету	18 721,0
	1			Борышқа қызмет көрсету	18 721,0
		459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	18 721,0
			021	Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	18 721,0
15				Трансферттер	492 388,4
	1			Трансферттер	492 388,4
				Ауданның (облыстық	

		459		маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	492 388,4
			006	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	631,6
			024	Заңнаманы өзгертуге байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге төменгі тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер	197 374,8
			038	Субвенциялар	294 382,0
				III. ТАЗА БЮДЖЕТТІК КРЕДИТТЕУ	2 198 360,0
				Бюджеттік кредиттер	2 231 124,0
7				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	2 199 668,0
	1			Тұрғын үй шаруашылығы	2 199 668,0
		458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	2 199 668,0
			098	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін сатып алу	2 199 668,0
				Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы,	

10				ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, ж е р қатынастары	31 456,0
	9			Ауыл, су, орман, б а л ы қ шаруашылығы, қоршаған ортаны қорғау және жер қатынастары саласындағы басқа да қызметтер	31 456,0
		459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	31 456,0
			018	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін бюджеттік кредиттер	31 456,0
	5			Бюджеттік кредиттерді өтеу	32 764,0
		01		Бюджеттік кредиттерді өтеу	32 764,0
			1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	32 764,0
				IV. ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІМЕН ЖАСАЛАТЫН ОПЕРАЦИЯЛАР БОЙЫНША САЛЬДО	210 640,0
				Қ а р ж ы активтерін сатып алу	210 640,0

13				Басқалар	210 640,0
	9			Басқалар	210 640,0
		458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	210 640,0
			065	З а ң д ы тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	210 640,0
				Мемлекеттің қ а р ж ы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0,0
				V. БЮДЖЕТ ТАПШЫЛЫҒЫ (ПРОФИЦИТ)	-2 248 834,3
				VII. БЮДЖЕТ ТАПШЫЛЫҒЫ Н ҚАРЖЫЛАНД Ы Р У (ПРОФИЦИТТИ ПАЙДАЛАНУ)	2 248 834,3
	7			Қарыздар түсімдері	2 231 124,0
		01		Мемлекеттік ішкі қарыздар	2 231 124,0
			2	Қарыз алу келісімшарттары	2 231 124,0
16				Қарыздарды өтеу	121 437,0
	1			Қарыздарды өтеу	121 437,0
		459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	121 437,0

			005	Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	121 437,0
	8			Бюджет қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтары	139 147,3
		01		Бюджет қаражаты қалдықтары	139 147,3
			1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	139 147,3

Зайсан аудандық мәслихатының
2024 жылғы 25 желтоқсандағы
№30/2-VIII шешіміне
2 қосымша

2026 жылға арналған аудандық бюджет

Санаты				Сума (мың теңге)
	Сыныбы	Ішкі сыныбы		
			Атауы	
			I. КІРІСТЕР	3 078 123,0
1			Салықтық түсімдер	2 447 298,0
	01		Табыс салығы	935 095,0
		1	Корпоративтік табыс салығы	45 596,0
		2	Жеке табыс салығы	889 499,0
	03		Әлеуметтік салық	848 200,0
		1	Әлеуметтік салық	848 200,0
	04		Меншікке салынатын салықтар	556 200,0
		1	Мүлікке салынатын салықтар	556 200,0
	05		Тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге салынатын ішкі салықтар	33 852,0
		2	Акциздер	5 510,0

		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	4 692,0
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	23 650,0
	08		Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	73 951,0
		1	Мемлекеттік баж	73 951,0
2			Салықтық емес түсімдер	55 532,0
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	40 532,0
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	40 400,0
		7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	132,0
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	15 000,0
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	15 000,0
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	15 000,0
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	15 000,0
		1	Жерді сату	15 000,0
4			Трансферттердің түсімдері	560 293,0
			Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған	

	02		органдарынан түсетін трансферттер	560 293,0
		2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	560 293,0

Функционалдық топ					Сума (мың теңге)
	Кіші функционалдық топ				
		Бюджеттік бағдарлама әкімшісі			
			Бағдарлама		
			Атауы		
				ІІ.ШЫҒЫНДАР	2 989 450,0
1				Жалпы сипаттағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер	538 231,0
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	302 515,0
		112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	42 817,0
			001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	42 817,0
		122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	259 698,0
			001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету	256 898,0

				жөніндегі қызметтер	
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2 800,0
2				Қаржылық қызмет	3 585,0
		459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	3 585,0
			003	Салық салу мақсатында мүлкті бағалауды жүргізу	1 485,0
			010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	2 100,0
9				Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер	232 131,0
		454		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі	64 117,0
			001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті және ауыл шаруашылығын дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	64 117,0

		458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	88 700,0
			001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	88 700,0
		459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	79 314,0
			001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясаттын қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	78 054,0
			015	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 260,0

2				Қорғаныс	36 565,0
	1			Әскери мұқтаждар	34 150,0
		122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	34 150,0
			005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	34 150,0
	2			Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	2 415,0
		122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	2 415,0
			006	Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	1 000,0
			007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар	1 415,0
3				Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	2 100,0

	9			Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік саласындағы басқа да қызметтер	2 100,0
